



Құрметті студент!

2018 жылы «Гуманитарлық ғылымдар - 1» бағытындағы мамандықтар тобының бітіруші курс студенттеріне Оқу жетістіктерін сырттай бағалау 4 пән бойынша өткізіледі.

Жауап парақшасын өз мамандығыңыздың пәндері бойынша кестеде көрсетілген орын тәртібімен толтырыңыз.

Мамандық шифры	Мамандықтың атауы	Жауап парағының 6-9 секторларындағы пәндер реті
5B020500	«Филология»(қазақ)	1. XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы 2. Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы 3. Жалпы тіл білімі 4. Қазіргі қазақ тілі жай сөйлем синтаксисі

- Сұрақ кітапшасындағы тестер келесі пәндерден тұрады:
 - XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы
 - Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы
 - Жалпы тіл білімі
 - Қазіргі қазақ тілі жай сөйлем синтаксисі
- Тестілеу уақыты – 180 минут.
Тестіленуші үшін тапсырма саны - 100 тест тапсырмалары.
- Таңдаған жауапты жауап парағындағы пәнге сәйкес сектордың тиісті дөңгелекшесін толық бояу арқылы белгілеу керек.
- Есептеу жұмыстары үшін сұрақ кітапшасының бос орындарын пайдалануға болады.
- Жауап парағында көрсетілген секторларды мұқият толтыру керек.
- Тест аяқталғаннан кейін сұрақ кітапшасы мен жауап парағын аудитория кезекшісіне өткізу қажет.

7. - Сұрақ кітапшасын ауыстыруға;
- Сұрақ кітапшасын аудиториядан шығаруға;
- Анықтама материалдарын, калькуляторды, сөздікті, ұялы телефонды қолдануға
қатаң тиым салынады!

8. Студент тест тапсырмаларында берілген жауап нұсқаларынан болжалған дұрыс жауаптың барлығын белгілеп, толық жауап беруі керек. Толық жауапты таңдаған жағдайда студент ең жоғары 2 балл жинайды. Жіберілген қате үшін 1 балл кемітіледі. Студент дұрыс емес жауапты таңдаса немесе дұрыс жауапты таңдамаса қателік болып есептеледі.

XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы

1. XIX ғасырдағы қазақ ағартушылары:

- A) А.Құнанбаев
- B) І. Жансүгіров
- C) Ш.Уәлиханов
- D) Ы.Алтынсарин
- E) М.Жолдасбеков
- F) Қ.Өмірәлиев

2. Тұрмыс-салт жырларымен байланысты айтыстар:

- A) «Жар-жар»
- B) «Тұсау кесер»
- C) «Бәдік»
- D) «Қыз ұзату»
- E) «Наурыз»

3. Мәделіні ұстаз тұтқан:

- A) Абыл
- B) Майлықожа
- C) Бұхар
- D) Қазтуған
- E) Құлыншақ

4. Абайдың аударма өлеңдері:

- A) «Дымқыл тұман сыз бүршік»
- B) «Қартайдық қайғы ойладық, ұйқы сергек»
- C) «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»
- D) «Әсемпаз болма әрнеге»
- E) «Тұрыпты бір сұлу қыз хан қолында»
- F) «Өлең – сөздің патшасы»
- G) «Қызарып сұрланып»

5. Ақан серінің ән(дер)і:

- A) «Қараңғы түнде тау қалғып»
- B) «Жанбота»
- C) «Гауһартас»
- D) «Сырымбет»
- E) «Балқадиша»
- F) «Маңмаңгер»

6. Махамбеттің 7-8 буынды толғаулары:

- A) «Ей, Қатағанның хан Тұрсын»
- B) «Күлдір де күлдір кісінетіп»
- C) «Бұдырайған екі шекелі»
- D) «Толарсақтан саз кешіп»
- E) «Абылай, Ботақанды сен өлтірдің»
- F) «Еменнің түбі сары бал»

7. Махамбеттің көтеріліс барысында туған өлеңдері:

- A) «Мен, мен едім, мен едім»
- B) «Қызғыш құс»
- C) «Баймағамбет сұлтанға айтқаны»
- D) «Ұлы арман»
- E) «Соғыс»
- F) «Исатай деген ағам бар»
- G) «Жәңгірге»

8. Махамбет Өтемісұлы:

- A) Жорық жырауы
- B) Драматург
- C) Суретші
- D) Сазгер, күйші
- E) Ертегіші

9. Махамбеттен ілгерідегі жыраулық мектеп өкілдері:

- A) Қазтуған
- B) Шал
- C) Көтеш
- D) Шалкиіз
- E) Доспамбет
- F) Абыл

10. Нәзирагөйлік дәстүрде қайта түлеген шығармалар:

- A) «Шал мен ажал»
- B) «Білгір адам»
- C) «Қисса Жүсіп»
- D) «Қиссаси Рабғузи»
- E) «Қарттың ұлына айтқан өсиеті»
- F) «Жұмжұма»
- G) «Үш ауыз сөз»

11. Қазақ әдебиетінің классикалық Шығыс әдебиетімен өзара сабақтастығын зерттеген ғалымдар:

- A) Ж.Рахманова
- B) М.Базарбаев
- C) Р.Нұрғали
- D) Б.Майтанов
- E) Ә.Марғұлан

12. Ақмолла Мұхамедиярұлының туындылары:

- A) «Масғұт»
- B) «Жаз»
- C) «Жетім қыз»
- D) «Балқадияш»
- E) «Көктем»
- F) «Мұнар күн»
- G) «Күз»

13. Шернияз толғаулары:

- A) «Бұдырайған екі шекелі»
- B) «Ай, Қазы би, Қазы би...»
- C) «Толарсақтан саз кешіп»
- D) «Тілек»
- E) «Мұнар күн»
- F) «Жетім қыз»

14. Шортанбай Қанайұлының діни танымын дамытудағы ықпалды шығармашылық тұлғалар:

- A) Сүлеймен Бақырғани
- B) Ахмет Иүгнаки
- C) Абыл
- D) Нұржан
- E) Ақтамберді
- F) Мақыш

15. Шортанбай туындыларының тақырыбы:

- A) Оқу-білімге шақыру
- B) Отарлау саясаты
- C) Халық жағдайы
- D) Замана зары
- E) Драмалық
- F) Табиғат лирикасы
- G) Ғашықтық сарында

16. Дулат Бабатайұлының өлең(дер)і:

- A) «Үш қиян»
- B) «Опасыз жалған»
- C) «Тілек»
- D) «Кәрілік туралы»
- E) «Ей, айтайын арнап Ешенге»

17. Дулат Бабатайұлының мысал өлеңдері:

- A) «Бір патшаның бір кезде»
- B) «Шымшық пен бөдене»
- C) «Тегімді менің сұрасаң»
- D) «Ақтан жас»
- E) «Шаштараз»

18. М. Мөңкеұлының «Үш қиян» шығармасында аталатын жер-су атау(лар)ы:

- A) Сарыарқа
- B) Жайық
- C) Шыңғыстау
- D) Балқаш көлі
- E) Жетісу
- F) Торғай даласы

19. Он-он бес жас шамасында Мұрат Мөңкеұлына берілген атақтар:

- A) Күйші
- B) Әнші
- C) Тақылдақ
- D) Ділімәр
- E) Өнері судай тасыған

20. Шоқан Уәлихановтың өмірі мен еңбектері туралы зерттеулер жазған қазақ ғалымдары:

- A) С.Асылбеков
- B) Ә.Марғұлан
- C) А.Еспембетов
- D) М.Әуезов
- E) С.Мақпыров
- F) М.Иманғазин
- G) З.Бисенғали

21. Шоқанның 1870 жылы Петербургте жарияланған еңбек(тер)і:
- A) «Алты шаһардың немесе Қытайдың Хан-Лу провинциясының шығыстағы алты қаласының жайы»
 - B) «Қытай империясының батыс провинциясы және Құлжа қаласы»
 - C) «Адольф Шлагинтвейттің өлімін әкелген жағдайлар туралы мәліметтер»
 - D) «Қырғыздар туралы жазбалар»
 - E) «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы»
 - F) «Жонғария очерктері»
22. Ыбырай Алтынсариннің этика, мінез-құлық, әдептілік, достық идеясына жазылған әңгімелері:
- A) «Ананың анасы»
 - B) «Шайтанның саудасы»
 - C) «Қазақтың айнасы»
 - D) «Жаман жолдас»
 - E) «Ананың арашасы»
23. Ы.Алтынсариннің сатира жанрында жазылған туындылары:
- A) «Екі бөшке»
 - B) «Аласы ағайынның алаңдатады»
 - C) «Фітнелік күннен күнге барады асып»
 - D) «Мақта қыз бен мысық»
 - E) «Маса»
 - F) «Маймыл мен айна»
 - G) «Аққу, шортан ьәм шаян»
24. Ғаббас Тоғжановтың «Абай» монографиясының бөлім(дер)і:
- A) Абайдың заманы
 - B) Абай және қазақ поэзиясы
 - C) Абайдың ақындық айналасы
 - D) Абайдың даналығы
 - E) Абайдың реализмі
 - F) Қайтқанда
 - G) Абайдың ақын шәкірттері

25. Абайдың 16, 29, 31 қара сөздерінде қозғалатын негізгі тақырып(тар):
- A) Қазақтың мақал-мәтелі жайы
 - B) Оқу жайы
 - C) Аңшылық жайы
 - D) Кәсіп жайы
 - E) Құдайға құлшылық жайы
 - F) Мінез жайы

**XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің тарихы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы

1. Морфология ғылымының зерттеу нысаны:

- A) сөйлем түрлері
- B) сөздердің түрлену жүйесі
- C) сөздің дыбыстық құрамы
- D) сөз тіркестері
- E) сөйлем мүшесі
- F) сөздің байланысу тәсілі

2. Септік категориясына тән ерекшелік:

- A) жалғаулары бірінің орнына бірі жұмсалуды тиіс
- B) септік жалғаулары шақтық қатынасты білдіреді
- C) септік жалғаулары жақтық қатынасқа құрылады
- D) септік категориясы бір жүйе, парадигма құрай алмайды
- E) септік жалғаулары бірінің орнына бірі жұмсала алмайды
- F) септік категориясы бір жүйе, парадигма құрай алады
- G) септік жалғауларының мағынасы қимылдың бағытын, шыққан жерін, мекенін, мезгілін, кіммен болғандығын анықтай алады

3. Туынды түбірлі сөз:

- A) көнетоз
- B) жол
- C) аяқ
- D) дос
- E) көңіл

4. Субстантивтену:

- A) зат есімнен өзге сөз табына ауысу
- B) басқа сөз таптарына жататын сөздердің зат есімге айналуы
- C) үстеулену
- D) заттану
- E) зат есімнен сын есімге айналу
- F) үстеуден сын есімге айналу
- G) зат есімге айналу
- H) заттанған сын есімдер

5. Еркелету мәнін үстейтін жұрнақтар:

- A) -ша
- B) -жан
- C) -ыс
- D) -ш
- E) -лық
- F) -дай

6. Қатыстық сын есім:

- A) балалы-шағалы
- B) қызыл ала, үлкенірек
- C) жасылдау, көгірек
- D) қара, қоңыр
- E) аса үлкен, тым кіші
- F) ақылды, сабырлы
- G) қысқы, басыңқы

7. Сапалық сын есім:

- A) ақ мата
- B) сүтті сиыр
- C) малды ауыл
- D) таудай талап
- E) таза бөлме
- F) қарлы қыс

8. Топтау сан есімі:

- A) алпыстай
- B) жүз қаралы
- C) жиырма үштен
- D) екі жарым
- E) қырық шақты
- F) жиырма-отыздан

9. Көбейтілмелі тәсіл арқылы жасалған күрделі сан есімдер:

- A) сексен екі
- B) екі жүз
- C) төрт мың
- D) он бір
- E) елу бес

10. Сілтеу есімдіктерінің септелген түрі:

- A) осында, осымен
- B) бұным, осыным
- C) мынаған, мынаны
- D) бұным, анасы
- E) осың, сонысы

11. Жақтық мағынада қолданылатын жіктеу есімдігі:

- A) олар
- B) біреу
- C) менікі
- D) біз
- E) анау
- F) әлдебір
- G) қайсы
- H) бұл

12. Қимыл-қозғалыс етістіктері:

- A) босат, көтер
- B) қаш, секір
- C) ауна, аудар
- D) қуан, жыла
- E) сыз, өлше

13. Есім негізді етістіктер:

- A) ашулан, көмектес
- B) бар, кел
- C) жуын, таран
- D) айтқыз, кіріс
- E) жүгір, секір
- F) сабала, кел

14. Осы шақтың жұрнақтары:

- A) -ғалы (-гелі) + қалып етістігі
- B) -мақ еді
- C) -ды (-ді, -ты, -ті)
- D) -ар (-ер, -р)
- E) -ған екен

15. Тіркес құрамында сын есімнің қасиеттерін көрсететін етістік қосымшасы:

- A) -мақ, -мек
- B) -атын, -етін
- C) -ып, -іп
- D) -а, -е
- E) -қыз, -гіз
- F) -ыс, -іс
- G) -ған, -ген

16. Күшейткіш үстеумен тіркесіп тұрған сөз:

- A) осыншама кісі
- B) тіпті ұзақ
- C) аса қажет
- D) қап-қараңғы
- E) жаңа келді
- F) тым қараңғы

17. Бірігу және ықшамдалу жолымен жасалған үстеулер:

- A) енді-енді
- B) зорға-зорға
- C) қолма-қол
- D) ендігәрі
- E) ала жаздай
- F) бүгін
- G) әзірше

18. Шылауы қатысқан сөйлем:

- A) Ұстарасыз аузыңа түсті-ау мұртың
- B) Сонымен мен шығарма жазамын
- C) Ашуың келсе, қолыңды тарт
- D) Өзен бойындағы ауыл таң атысымен көзге түседі
- E) Ашу–дұшпан, ақыл–дос
- F) Рақым мен әйелі Ақлимамен бірге кетті
- G) Бүгін олар тірі қаламыз деп ойлаған жоқ-ты

19. Мен, бен, пен тұлғасы шылау қызметінде жұмсалған сөйлем:

- A) Ағаш тамыры(мен), адам ұрпағы(мен) мықты
- B) Қайрат (пен) ақыл жол табар, қашқанға да қуғанға
- C) Жарбаңдасып жас күлер құрбысы(мен)
- D) Ықылас(пен) тоқылық
- E) Ақ шоқыда туған өлең, өлең(мен) ән, сан-салалы жырлар көшіріліп жатталып, әуендеп, толқып тарап жатты
- F) Ауыл аймақ(пен) Ұлжан, Айғыздай ежелер болып бәрі де Ділданы күтіп тұрады

20. Еліктеуіш сөздерге тән белгі:

- A) еш өзгеріссіз тікелей етістіктермен тіркесе алады
- B) өзіне тән лексика-семантикалық мағынасы болады
- C) есімдер жасауға қатыспайды
- D) дара түрлеріне де, қосарланған түрлеріне де септік, жіктік жалғаулары тікелей жалғанады
- E) дара түрлеріне де, қосарланған түрлеріне де көптік, тәуелдік жалғаулары тікелей жалғанады
- F) морфологиялық тұлға-тұрпаты бар
- G) өзіне тән лексика-семантикалық мағынасы жоқ
- H) етістіктер жасауға қатыспайды

21. Сөйлемде анықтауыш қызметінде жұмсалып тұрған еліктеу сөз:

- A) Сергей Петрович елең етті
- B) Қараңғылықтан қылаң етіп бір аттылы адам шыға келді
- C) Боқай келіншегінің сөзіне мыңқ етпеді
- D) Күңгірт сөйлеген шаңда-шұң дауыс шықты
- E) Қым-қиғаш қиқу, сарт-сұрт төбелес болды да қалды
- F) Осы сөзден соң Жігітек екі ұдайылықтан, былқ-сылқтан арылып, сөзді бір арнаға түйген-ді
- G) Атшы жігіт мырс-мырс күледі
- H) Алыстан жалт-жұлт жарқыл көрінді

22. А.Байтұрсынұлы бойынша, жекіргенде айтылатын одағай:

- A) тек
- B) құр, жануар, құр
- C) қарағым
- D) өкпем
- E) тәйт
- F) қой
- G) шөк, жануар, шөк
- H) қарашығым

23. А.Байтұрсынұлы бойынша, еліктеу одағай:

- A) күмп
- B) шыр-шыр
- C) күс-күс
- D) жып
- E) жалт
- F) пыс-пыс
- G) тырс
- H) сұңқ-сұңқ

24. Біреулердің сөзіне сүйену арқылы не бір нақты дерек негізінде білдірілетін сөйлеушінің пікірі арқылы нақтыланатын модальдық мағынаны көрсететін сөйлем:

- A) Сөз шығарушылар сөздің асыл болуының жалпы шарттарын білуі қажет
- B) Ашу - дұшпан, ақыл - дос деген екен
- C) Әсіресе, жандарал кеңсесі ашулы дейді
- D) Алты айдан кейін қайтарады деген сөз бар
- E) Қазақтың жайын жақсырақ білеміз

25. Болжал мәнді модаль сөздер арқылы жасалған сөйлем:

- A) Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым
- B) Ендігі шара қатал сөгіс болсын
- C) Сәулет өнерпазы үй салуға ұсталатын заттардың қасиетін жақсы білуге тиіс
- D) Мен сенімен біргемін
- E) Қазекен жыбырламай тұра ма, біреу Дәрменді көрсете қойса керек
- F) Сонша алтынды қайдан алдың?
- G) Би әкесі тіс жарып, ештеңе айта қойған жоқ білем

**Қазіргі қазақ тілінің морфологиясы
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**

Жалпы тіл білімі

1. Көне грек тіл білімінде Александрия мектебін қалыптастырып, грамматика ілімін дамытушылар:
 - A) Варрон
 - B) Панини
 - C) Гераклит
 - D) Дискол
 - E) Фракийский
 - F) Платон

2. Пор-Рояль грамматикасы авторларының ұстанымдары:
 - A) Логикалық категориялардың тілде бейнелену тәсілдерін айқындау
 - B) Идеалистік философияны басшылыққа ала отырып, латын тілінің теориялық тұжырымдарын айқындау
 - C) Жазу тілі ретінде өлі тілге айналып бара жатқан латын тілінің қызметін айқындау
 - D) Тілдердің грамматикалық жағынан ұқсас болуын айқындау
 - E) Тілдің ойды қалыптастыратын, ойды білдіретін құрал екенін айқындау

3. XVIII ғасырда тілдің шығуы туралы теорияны енгізген ғалымдар:
 - A) П. Гольбах
 - B) С. Кларк
 - C) Д. Дидро
 - D) Д. Локк
 - E) Ш. Монтескье
 - F) И. Гердер
 - G) Ж.Ж. Руссо

4. Конструктивті синтаксистің қарастыратын мәселесі:
 - A) Мәтін лингвистикасы
 - B) Айтылымның модальдылығы
 - C) Сөздер аралығындағы байланыс түрлері
 - D) Жалпытілдік жүйелер бөлімі
 - E) Айтылымның субъективтілігі
 - F) Сөйлем мен айтылымның ішкі құрылымы
 - G) Сөздердің тіркесімділік мүмкіндіктері

5. Г.Штейнтальдің тіл танымына енгізген терминдері:

- A) Апперцепция, сана
- B) Фонема, фонология
- C) Лексема, морфема
- D) Корреляция
- E) Ассоциация, жады
- F) Перцепция
- G) Графема, кинема

6. Структурализм мектептерінің басын біріктіретін қағидалар:

- A) Тіл білімінің міндеті – тілдер туыстығын анықтау
- B) Тіл «ішкі элементтері бір-бірімен тығыз байланысты, бір бүтін, біртұтас жүйе, біртұтас құрылым»
- C) Тіл – жүйе. Жүйе де өзгеріп отырады
- D) Тілдік элементтердің функциялық жағына ерекше мән береді
- E) Фонетика мен фонологияны екі бөліп қарайды, бұлардың ішіндегі таза лингвистикалық пән болатыны – фонология, – дейді
- F) Тіл білімінің негізгі міндеті – тілдің құрылымын, жүйесін зерттеу, тілдің құрылымдық элементтері арасындағы байланысты талдау
- G) Тіл – таңбалар жүйесі. Тілдік бірліктердің барлығы жеке-жеке таңба

7. Неограмматика ағымының негізінде қалыптасты:

- A) Қазан лингвистикалық мектебі өкілдері еңбектері
- B) Копенгаген глоссематикалық мектеп өкілдерінің еңбектері
- C) Прага лингвистикалық мектебі өкілдерінің еңбектері
- D) Академик Ф.Ф.Фортунатов және Мәскеу лингвистикалық мектеп еңбектері
- E) Дескрептивтік мектеп өкілдерінің еңбектері

8. Когнитивтік лингвистиканың пайда болуы байланыстырылады:

- A) В.Набоковтың «Conclusive Evidence» еңбегімен
- B) АҚШ-тағы Ч.Осгуд, Т.Сибеек еңбектерімен
- C) 1950 ж. ортасындағы Дж.Миллердің (АҚШ) еңбегімен
- D) Халықаралық Когнитивтік Лингвистикалық Ассоциациямен (АҚШ)
- E) 1989 ж. өткен Луйсбургтегі симпозиуммен

9. XIX ғасырда жарық көрген еңбектер:

- A) «Ежелгі солтүстік тілдері және неміс, исланд тілдерінің шығуы туралы»
- B) «Тілдің шығуы»
- C) «Барлық тілдердің және наречиелердің салыстырмалы сөздігі»
- D) «Үнділердің тілі мен даналығы»
- E) «Ява аралындағы Кави тілі туралы»

10. Структурализмнің Прагалық бағытының негізгі жетістіктері:

- A) Дистрибуцияның қарама-қарсы – қарама-қарсы емес сияқты әртүрлі түрлері сипатталды
- B) Синхрондық фонология ғана емес, сонымен қатар тарихи фонология да болуы мүмкін
- C) Тілді сипаттауда бірізді, объективті және қарама-қайшылықсыз әдісті қолдануды ұсынды
- D) «Тілдік одақ» деген ұғымды да енгізді
- E) Тіл әлемдік болмыстың тікелей бейнесі емес, тіл арқылы адам болмысын түсіндірді
- F) Фонема туралы ілім жіті қарастырылды (оның анықтамасы, белгілер арқылы дифференциалдылығын, оппозициялығын, бейтараптылығын сипаттау)
- G) Фонема және суперсегментті құбылыстарды – екпін, әуен және т.б. талдау әдістерін құрастырды

11. Прага лингвистикалық мектебінің негізгі жетістіктері:

- A) Америка үндістерінің тілін зерттеуден бастады
- B) Тіл әлемдік болмыстың тікелей бейнесі емес, тіл арқылы адам болмысын түсіндірді
- C) Қарапайым тілді поэтикалық тілден ажыратып көрсету арқылы тілдің поэтикалық қызметінің механизмдері талданды
- D) Сөйлеу үзіндісі, бірінен соң бірі тізбектеліп келетін физикалық сөйлеу құбылысын қарастырды
- E) Фонема туралы ілім жете қарастырылды (оның анықтамасы, белгілер арқылы дифференциалдылығын, оппозициялығын, бейтараптылығын сипаттау)
- F) Әдеби тіл және оның нормалары туралы ілім қарастырылды

12. Парадигматика:

- A) Синтаксистік біртұтас қатынасты білдіретін интонациялық-мағыналық бірлік
- B) Сөздердің түрліше грамматикалық тәсілдер арқылы мағыналық, формалық жақтарынан өзара байланысы
- C) Тіл жүйесін зерттеудегі екі аспектінің бірі
- D) Тіл бірліктерінің көлденең қалыптағы қатынастары
- E) Тілдік единицалардың арасында болатын, тура қалыптағы байланыс
- F) Лингвистикалық топтарға тән жиынтықтың тілдік жүйесі

13. Синтагматика:

- A) Тілдік единицалардың горизонталь (көлденең) қалпы
- B) Синтаксистік категориялар мен құралдардың ішкі мазмұны
- C) Фразеологиялық біртұтас қатынасты білдіретін интонациялық-мағыналық бірлік
- D) Тіл бірліктерінің тік қалпындағы қатынастары
- E) Сөздердің түрліше грамматикалық тәсілдер арқылы мағыналық, формалық жақтарынан өзара байланысы
- F) Лингвистикалық топтарға тән жиынтықтың тілдік жүйесі

14. Фонемаға тән белгілер:

- A) Грамматикалық мағынаға ие бірлік
- B) Фонологиялық оппозиция мүшесі
- C) Мазмұн және жеткізу өресінен тұратын екі жақты бірлік
- D) Лексикалық деңгейдің тілдік бірлігі
- E) Тек мазмұн өресінен тұратын бір жақты бірлік
- F) Фонетикалық деңгейдің сөйлеу бірлігі

15. Динамикалық немесе лебізді екпінге тән сипаттар:

- A) Басқа буындардан бір буынның өз құрамындағы дауыстының созылыңқы айтылуы арқылы ажыратылуы
- B) Дауыс ырғағының көтеріліп барып бәсеңдеуі
- C) Фонациялық ауаның қарқыны буынның күшімен байланысты болуы
- D) Дауыс шымылдығы дірілінің жиіленуіне негізделуі
- E) Фонетикалық сегментті бірлік

16. Граммемаға тән сипаттар:

- A) Екіжақты бірлік, номинативтік қызмет атқарады
- B) Мағына ажыратушылық қызмет атқарады
- C) Екіжақты бірлік, байланыстырушылық, конгруэнттілік қызметтер атқарады
- D) Төменгі деңгей бірлігі
- E) Лексемалар арасындағы категориялық байланыстарды білдіреді
- F) Грамматикалық мағынаға ие

17. Тілде дифференциация заңы бойынша жасалған сөздер:

- A) Айдын
- B) Жауын
- C) Өкімет
- D) Ғылым
- E) Баратын
- F) Ілім

18. Қазақ тіл біліміндегі аралас құрмалас сөйлемге байланысты мәліметтер:

- A) Құрамындағы құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары бір-біріне бағынышты, тәуелді болмай, өзара теңдестік қатынаста тұрып байланысады
- B) «Аралас құрмалас сөйлем» терминін енгізген Н.Сауранбаев
- C) «Аралас құрмалас сөйлем» терминін енгізген Т.Сайрамбаев
- D) Құрамындағы компоненттері бір-бірімен салаласып та, сабақтасып та байланысады
- E) Жай сөйлемдердің құрмаласа байланысуының үшінші тәсілі емес, сол екі тәсілдің бір құрмалас сөйлем ішінде бірдей қатысқан түрі

19. Сөйлем:

- A) Жана жолдан бастап жазуда оңға қарай жасалған шегініс
- B) Бірнеше сөйлемнің түйдекті тобынан жасалған синтаксистік бірлік
- C) Синтаксистік қатынасты білдіру үшін кемінде екі толық мағыналы екі сөздің сабақтаса байланысқан тобы
- D) Формасы, қызметі жағынан синтаксис жүйесіндегі сөзге не сөз тіркесіне қарама-қарсы қойылып қаралатын негізгі грамматикалық категориялардың бірі
- E) Тілдік таңбалардың мағыналық және тұлғалық байланысы негізінде түзілген жүйелі тізбе

20. Типологиялық бағыттың зерттеу аспектілері:

- A) Универсология (лингвистикалық әмбебаптарды зерттеу)
- B) Сөйлемдегі өзара тікелей байланысты сөздер – тікелей құрастырушылар
- C) Тілдің сапалық сипаты
- D) Характерология (генетикалық топтардың типологиялық ерекшеліктерін анықтау)
- E) Систематология (лингвистикалық типтер жүйесін анықтау және осы типтерге сәйкес дүние жүзі тілдерін классификациялау)

21. Тілдер типін ажыратуда типологиялық белгі ретінде алынатын нысандар:

- A) Синтаксистік қатынастар
- B) Сөз құрылымы
- C) Сөйлем мүшелері
- D) Сөз таптары
- E) Грамматикалық мағына
- F) Лексикалық мағына
- G) Грамматикалық категория

22. Таксономиялық әдіс:

- A) Тіл мен сөйлеуді зерттеуде қолданылатын есептік және өлшемдік әдістер
- B) Бұл әдіс алғашқыда ботаникада және зоологияда (жануарларды топтастыруда) қолданылды
- C) Зерттеу объектілері бір-бірімен күрделі иерархиялық қатынастарда болатын және танымдық тәртіппен жүйеленетін әдіс
- D) Тілдерді туыстығына, өмір сүрген уақытына, территориялық орналасуына байланыссыз зерттеп, олардың бәріне тән және ерекше заңдылықтарын анықтауды мақсат етеді
- E) Тілдің синхрондық жағдайын зерттейтін дистрибутивтік әдісі
- F) Тіл жүйе элементтердің жай жиынтығы емес, әр элементтің мәні жүйе арқылы анықталады
- G) Тіл жүйесінің ұйытқы құрылымы уақыттан тыс қатынастар негізінде жасалады

23. Құрылымдық әдістің сипаттама әдістен айырмашылығы:

- A) Тілдік элементтердің дистрибуциясын айқындау
- B) Сөздік қордың байлығын айқындау
- C) Тілдік тұлғалардың мағыналық жағын ашу
- D) Сөздік құрамының ерекшелігін сипаттау
- E) Тілдік элементтердің дыбыстық жағын сипаттау
- F) Тілдік тұлғалардың қызметін сипаттау

24. Ішкі реконструкция әдісінің міндеттері:

- A) Барлық туыс тілдердің және осы семьядағы диалектілердің түп негізін барлық тілдерді салыстыра отырып анықтау
- B) Тілдік жүйедегі тарихи өзгерістердің мерзімі мен себептерін анықтау
- C) Нақты бір тілдің тарихи даму заңдылықтарын айқындау
- D) Әлем тілдерінің генетикалық классификациясын жасау
- E) Дивергенттік даму заңдарын және ата тілде жазбаша түрде бар тілдердің шығу заңдарын зерттеу
- F) Тілдегі синхрониялық өзгерістердің заңы мен қайта құрастыру әдістері тек қана фонология мен морфологияда ғана мүмкін
- G) Тілдік синхрониялық үрдістерді зерттеу атомарлық сипатта болады

25. Дистрибутивті әдіс міндеттері:

- A) Кез келген конструкция ішіндегі лексика-грамматикалық байланыстарды зерттеу
- B) Жеке сөздер мен сөздер кластарының мағынасының құрамын айналасындағы сөздер негізінде анықтау
- C) Нақты тілдердің жазбаша дереккөзі ретінде тарихи даму заңдылықтарын айқындау
- D) Тілдік қатынас нәтижесінде пайда болған жаңа формаларды (кірме сөздер) анықтау
- E) Синхронияда бір тілдің қасиеттерін зерттеуге арналған
- F) Тілдік жүйедегі тарихи өзгерістердің мерзімі мен себептерін анықтау

Жалпы тіл білімі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ

Қазіргі қазақ тілі жай сөйлем синтаксисі

1. Синтаксистің зерттеу нысаны:

- A) Сөйлем
- B) Сөз құрамы
- C) Тұрақты тіркестер
- D) Фонемалар
- E) Сөз мағынасы

2. Қиыса байланысқан сөз тіркесі:

- A) Кіріп шықты
- B) Жолай соқты
- C) Мінезі салмақты
- D) Өзің айттың
- E) Әдейі сөйледі
- F) Оқыған мен

3. Баяндауышы үстеуден жасалған сөйлем:

- A) Оның келгені кеше.
- B) Сен - менсің, мен - сенмін.
- C) Қызылжар іші у-ду.
- D) Сенен басқа ешкімнің керегі жоқ.
- E) Алас ұрған жас жігіт өзімен-өзі әуре.
- F) Сәлімнің үйі төменде, Омардың үйі жоғарыда.

4. Пысықтауыштық қатынастағы сөз тіркестері:

- A) Әке туралы ән
- B) Төмен отырды
- C) Кешегі жұмыс
- D) Әрі бұрылды
- E) Інімнен алдым
- F) Таулы орман

5. Баяндауышқа тән белгілер:

- A) бастауышқа қатысты, бағынышты мүше болу
- B) айтылған пікірдің субъектісі болу
- C) сөйлемнің басында орналасу
- D) сөйлемдегі қимылдың объектісі болу
- E) сөйлемдегі есім сөздерді анықтау
- F) сөйлемдегі етістік сөздерді анықтау

6. Жанама толықтауышы бар сөйлемдер:

- A) Оқулықтарда жазылған.
- B) Жақсыны көрмек үшін.
- C) Анасына хат жазды.
- D) Оқулықтарын алды.
- E) Атты ерттеді.
- F) Бесті бітірді.

7. Тура толықтауышы бар сөйлемдер:

- A) Ақылбайды Ұлжан өзі бауырына салып алды.
- B) Іздеген мұратына жетер.
- C) Атты орнына байла.
- D) Сәрсен үшке бітірді.
- E) Досыммен сөйлестім.
- F) Қызым үй-ішін жинастырды.
- G) Мына торы төбелге мініңіз.

8. Бірыңғай пысықтауышы бар сөйлемдер:

- A) Абай енді ғана әкесі мен Ұлжанға сәлемін берді.
- B) Көзі бір ашылып, бір жұмылады.
- C) Алтынсары үйінен алтын үшін, балапан үшін шыққан еді.
- D) Арыз бере білу, алдай білу – мақтан.
- E) Асықпай, саспай сөйледі.

9. Қосарлы айқындауышы бар сөйлемдер:

- A) Кәрі әжесі Зере бәйбіше таяғына сүйеніп ұрысып тұр екен.
- B) Бізге инженер-инспектор, инженер-механиктер қажет.
- C) Сөз жоқ, тағы шайқасамыз.
- D) Омар ақсақал көп-көп ақылын айтты.
- E) Абай ақынның шығармаларын ертелі-кеш оқитынбыз.

10. Зат пен оның қимыл-күйін хабарлайтын сөйлемдер:

- A) Абай ақылдасып көріп еді.
- B) Әбіш пен Мағаш ұзақ күліскен еді.
- C) Бір кезде шай жасалды.
- D) Олар әңгімелерін айта бастады.
- E) Соңғы сөздер Әбішті қатты толқытты.
- F) Бай мен кедей туралы айтылды.
- G) Жастардың әрқайсысы таңданған сөздерін айтысады.

11. Жалаң болып құралған сөйлем:

- A) Концерт аяқталды.
- B) Көрермендер тарай бастады.
- C) Көлік жылдам от алды.
- D) Енді біреулер тезірек шығуға асығып барады.
- E) Біз де есікке қарай аяндадық.
- F) Көлікке отырдық.
- G) Жүргізуші күтіп тұр екен.

12. Тұлғасы болымды, мазмұны болымсыз сөйлемдер:

- A) Инженер Асанбай да өз есебіне күдіктенген емес
- B) Ұлпан станциясына поезд тоқтамайтын сияқты еді
- C) Бұған мән бермеуді жөн санады
- D) Өзіңнен бұрын мені ойлауың керек еді?
- E) Бала ата-анасының сөзіне құлақ асуды қойды

13. Бас мүшелері қатысқан сөйлемдер:

- A) Жаздың бір желсіз түні
- B) Әбіш таласпауды жөн көрді
- C) Ондайларды бұл ауылдан кездестіруге болады
- D) Ар жағында анталап тұрған қалың аттыларға қарай жүгірмеске болмады
- E) Еламан өзінен жауап күтіп отырғандарға салмақты қарады
- F) Жарықтық, несін айтасың, осы жерді құшырлана иіскер ме еді?

14. Атаулы сөйлемдер:

- A) Түн қап-қараңғы
- B) Түннің қараңғысын-ай
- C) Мұндайда не істеріңді білмей, қатты сасып қаласың
- D) Жүрегім тас төбеме шықты
- E) Қап-қара түн

15. Атаулы сөйлем:

- A) Шөл далада келеміз
- B) Бізден басқа тірі жан көрінбейді
- C) Сөзбен айтып жеткізе алар емеспін
- D) Шыжыған ыстық
- E) Күйдіруін-ай

16. Сұраулы сөйлемдердің мағынасына қарай түрі:

- A) Ашық
- B) Күмәнді
- C) Альтернативтік
- D) Жұмсау
- E) Тілек
- F) Риторикалық

17. Күмәнді сұраулы сөйлем:

- A) Өзіңіз қандай ақыл бересіз?
- B) Не іздейсің, көңілім, не іздейсің ?
- C) Бармағанда қайтем?
- D) Ой, мынау тамаша емес пе?
- E) Мына мың болғыр бой бермей кетер ме екен?
- F) Сенің ауылына барсам ба екен?
- G) Сол жаққа мен де барсам ба екен?

18. Репликалы лепті сөйлемдер:

- A) Шұға десе, Шұға еді-ау!
- B) Тілеуің құрғыр-ай.
- C) Ойпырым-ай, таптың ба? Таппай!
- D) Үй іші естіді ме? Естімегенде ше!
- E) Мектепке бүгін бару керек еді ғой!
- F) Бүгін келесің бе? Келгенде қандай!
- G) Ақылшы болуға қандай жақсысың!

19. Сес көрсету мақсатындағы бұйрықты сөйлем:

- A) Түспей көр!
- B) Ерегісті тоқтату керек!
- C) Кіріңдер үйге!
- D) Аттан түссін!
- E) Тоқтатыңдар ерегіскенде!
- F) Түспесең қой!

20. Бөгде сөз қатысты сөйлем:

- A) «Қайратсыз ашу – тұл, тұрлаусыз ғашық – тұл» (Абай)
- B) Білуімше, оның мамандығы журналист
- C) Ол менің мамандығым жайлы сұрады
- D) Абайдың «Қара сөздерінде» осындай нақыл сөздер бар
- E) Мамандығым журналист екенін айттым
- F) Бұл сөздер бізді алға жетелеуші - шамшырақ

21. Айтылған ойға нануды білдіретін қыстырма сөздер қатары:

- A) Бағымызға қарай, өкінішке орай, амал қанша
- B) Демек, қысқасы, сайып келгенде
- C) Әрине, әлбетте, сөз жоқ
- D) Рас, сірә, өзіңіз білесіз
- E) Расында, шынында, мүмкін

22. Пікірді шегеру (диафрагмалау) амалы арқылы ойды білдіру ерекшелігі:

- A) Көркем әдебиет стиліне тән
- B) Есім баяндауышты болымды сөйлемге синонимдес құрылым
- C) Етістік баяндауышты болымсыз сөйлемге синонимдес құрылым
- D) Түпкі сөйлемге вариант құрылым
- E) Ауызекі сөйлеу стиліне тән

23. Төл сөзге тән белгілер:

- A) тек хабарлау мақсатында айтылады
- B) сөйлемнің айтылу мақсатына сай барлық түрлері кездеседі
- C) автор біреудің сөзін ешқандай өзгеріссіз келтіреді
- D) эмоциясыз бейтарап мәнде жұмсалады
- E) автор айтушының сөзін өз сөзімен өзгертіп береді
- F) тек үшінші жақта айтылады
- G) автор сөзімен араласып тұлғалық өзгеріске ұшырайды

24. Қазақ тіліндегі меншіктіліктік қатынас:

- A) зат есім мен –нікі жұрнақты сөздердің тіркесуінен көрінеді
- B) заттанған есім тұлғасынан көрінеді
- C) табыс септігі арқылы байланысқан сөз тіркесімен беріледі
- D) ілік септігі мен тәуелдік жалғаулы сөз тіркесінен байқалады
- E) жанама септіктер арқылы байланысқан сөз тіркесінен көрінеді
- F) атау септігі тұлғасынан көрінеді
- G) ілік септігінің нөлдік тұлғасы мен тәуелдік жалғаулы сөз тіркесінен байқалады

25. Еліктеу сөз қатысқан экспрессивті-эмоциялы сөйлем:

- A) Ол тып-тыныш сабақ оқып отырған еді.
- B) Салқын ауа бойын бірден сергітіп жіберді.
- C) Желдеткішті ашып жіберді.
- D) Сыртта жауын да тырс-тырс тамшылап тұр.
- E) Түнгі тыныштықты бұзып тұрған – сағаттың сыртылы.
- F) Ақырын тұрып, тырп-тырп басып, терезеге жақындады.
- G) Бөлмеде басқа естілген дыбыс жоқ.

**Қазіргі қазақ тілі жай сөйлем синтаксисі
ПӘНІ БОЙЫНША СЫНАҚ АЯҚТАЛДЫ**